



Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы «Орталық коммуникациялар қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесін құру және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 33-бабын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Астана қаласында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Орталық коммуникациялар қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мекеме) құрылсын.

2. Мекеменің штат саны 43 бірлік мөлшерінде белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мекемеге қатысты уәкілетті орган деп айқындалсын.

4. Мекеме директорын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің «Коммуникация орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесін, оның мүлкін мекемеге бере отырып, таратсын;

2) бір ай мерзімде мекеменің жарғысын әзірлеп, белгіленген тәртіпте бекітуге енгізісін;

3) мекеменің мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

4) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мекемені орналастыру үшін үй-жай бөлуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің мына жарлықтарына толықтырулар енгізілсін:

1) «Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының тізілімі мен мемлекеттік саяси қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы № 317 Жарлығына (Қазақстан Республикасының

ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 58, 559-құжат; 2002 ж., № 18, 196-құжат; № 32, 339-құжат; 2003 ж., № 20, 201-құжат; 2004 ж., № 19, 234-құжат, № 21, 265-құжат; № 33, 439-құжат; 2005 ж., № 27, 329-құжат; № 30, 380-құжат; 2006 ж., № 23, 229-құжат; № 39, 429-құжат; 2007 ж., № 43, 499-құжат; 2008 ж., № 9, 89-құжат; 2010 ж., № 2, 12-құжат; № 51, 466-құжат; 2011 ж., № 19, 229-құжат; № 37, 438-құжат; 2012 ж., № 35, 457-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының тізілімінде:

«Назарбаев орталығы» директоры, оның орынбасарлары» деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«Орталық коммуникациялар қызметі» директоры, оның орынбасарлары);

2) «Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 17, 212-құжат; № 21, 265-құжат; 2005 ж., № 29, 362-құжат; 2006 ж., № 23, 229-құжат; 2007 ж., № 42, 479-құжат; 2009 ж., № 34, 321-құжат; 2010 ж., № 51, 466-құжат; 2011 ж., № 39, 472-құжат; № 41, 518-құжат; № 48, 646-құжат; № 51, 685-құжат; 2012 ж., № 35, 457-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының және Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын немесе оның келісуімен тағайындалатын, оның ұсынуы бойынша сайланатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша тағайындалатын өзге де басшы лауазымды адамдардың тізбесінде:

мына:

«Назарбаев орталығы» директоры	Президент	Президент Кеңесінің бастығы	Әкімшілік Басшысы»
--------------------------------	-----------	-----------------------------	--------------------

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«Орталық коммуникациялар қызметі» директоры	Президент	Әкімшілік Басшысы».
---	-----------	---------------------

8. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н.Назарбаев

Астана, Ақорда, 2012 жылғы 5 қазан

№ 403





Подлежит опубликованию
в Собрании актов Президента и
Правительства Республики Казахстан

**О создании республиканского государственного учреждения «Служба
центральных коммуникаций» при Президенте Республики Казахстан и
внесении дополнений в некоторые указы Президента Республики
Казахстан**

В целях реализации статьи 33 Конституционного закона Республики Казахстан от 26 декабря 1995 года «О Президенте Республики Казахстан»
ПОСТАНОВЛЯЮ:

1. Создать республиканское государственное учреждение «Служба центральных коммуникаций» при Президенте Республики Казахстан в городе Астане (далее - учреждение).

2. Установить штатную численность учреждения в количестве 43 единиц.

3. Определить уполномоченным органом в отношении учреждения Администрацию Президента Республики Казахстан.

4. Установить, что директор учреждения назначается на должность и освобождается от должности Президентом Республики Казахстан.

5. Правительству Республики Казахстан:

1) ликвидировать республиканское государственное учреждение «Центр коммуникаций» Канцелярии Премьер-Министра Республики Казахстан, с передачей его имущества учреждению;

2) в месячный срок разработать и внести в установленном порядке на утверждение устав учреждения;

3) обеспечить государственную регистрацию учреждения;

4) принять иные меры, вытекающие из настоящего Указа.

6. Управлению делами Президента Республики Казахстан совместно с Министерством финансов Республики Казахстан в установленном законодательством Республики Казахстан порядке обеспечить выделение помещения для размещения учреждения.

7. Внести дополнения в следующие указы Президента Республики Казахстан:

1) в Указ Президента Республики Казахстан от 29 декабря 1999 года № 317 «Об утверждении Реестра должностей политических государственных служащих и Правил наложения дисциплинарных взысканий на политических

государственных служащих» (САПП Республики Казахстан, 1999 г., № 58, ст. 559; 2002 г., № 18, ст. 196; № 32, ст. 339; 2003 г., № 20, ст. 201; 2004 г., № 19, ст. 234; № 21, ст. 265; № 33, ст. 439; 2005 г., № 27, ст. 329; № 30, ст. 380; 2006 г., № 23, ст. 229; № 39, ст. 429; 2007 г., № 43, ст. 499; 2008 г., № 9, ст. 89; 2010 г., № 2, ст. 12; № 51, ст. 466; 2011 г., № 19, ст. 229; № 37, ст. 438; 2012 г., № 35, ст. 457):

в Реестре должностей политических государственных служащих, утвержденном вышеназванным Указом:

после строки «Директор «Назарбаев центра», его заместители» дополнить строкой следующего содержания:

«Директор «Службы центральных коммуникаций», его заместители»;

2) в Указ Президента Республики Казахстан от 29 марта 2002 года № 828 «О некоторых вопросах кадровой политики в системе органов государственной власти» (САПП Республики Казахстан, 2004 г., № 17, ст. 212; № 21, ст. 265; 2005 г., № 29, ст. 362; 2006 г., № 23, ст. 229; 2007 г., № 42, ст. 479; 2009 г., № 34, ст. 321; 2010 г., № 51, ст. 466; 2011 г., № 39, ст. 472; № 41, ст. 518; № 48, ст. 646; № 51, ст. 685; 2012 г., № 35, ст. 457):

в Перечне должностей политических государственных служащих и иных должностных лиц, назначаемых Президентом Республики Казахстан или по согласованию с ним, избираемых по его представлению, а также назначаемых по согласованию с Администрацией Президента Республики Казахстан, утвержденном вышеназванным Указом:

после строки:

«Директор «Назарбаев центра»	Президентом	Начальником Канцелярии Президента	Руководителем Администрации»
------------------------------------	-------------	---	---------------------------------

дополнить строкой следующего содержания:

«Директор «Службы центральных коммуникаций»	Президентом	Руководителем Администрации».
--	-------------	----------------------------------

8. Настоящий Указ вводится в действие со дня подписания.

**Президент
Республики Казахстан**

Н.Назарбаев

Астана, Акорда, 5 октября 2012 года

№ 403

